Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Байғанин орта мектебі
Топ: Мектепалды даярлық тобы
Балалардың жасы : 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі : 06-10 қараша айы, 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі 06.11.2023**	**Сейсенбі 07.11.2023**	**Сәрсенбі 08.11.2023**	**Бейсенбі 09.11.2023**	**Жұма 10.11.2023**
Балаларды қабылдау	**Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу.** Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел -үсті ойындары,бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Пазл құрастыру» Ойынның мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін, сөз байлықтарын, қол,саусақ маторикасын дамыту.	«Орнын тап» Ойынның мақсаты: топтық бірлікті қалыптастыру. Қыс мезгіліне деген сүйіспеншілігін арттыру.	«Айналманы құрастыр» Ойынның мақсаты: Саусақтары арқылы суреттерді құрастыру. Қысқы ойын түрлерін білуге, логикалық ойлау қабілеттерін, сөз байлықтарын дамыту.	«Сиқырлы дүрбі» Ойынның мақсаты: топтың әр мүшесінің жақсы жақтарын көре білу қабілетін қалыптастыру.	«Сыпайы сөздер дүкені» Мақсаты: белгілі бір жағдайда сыпайы сөздерді қолдана білуді қалыптастыру.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың өсуі үшін дәрумендердің, таза ауада серуеннің маңыздылығы туралы әңгімелесу.				
Таңертенгі жаттығу	Кешен нөмерін көрсету. Таңдалған жаттығу кешендерін жаңа жаттығулармен алмастырып отыру қажет.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Ұйымдастырылған іс-әрекет өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктерді реттеу.Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетіне сұрақтар қоя отырып дайындау, балалармен өзара әңгіме жүргізу.				
	Дүйсенбі Сауат ашу Математика негіздері Көркем әдебиет Дене шынықтыру	Сейсенбі Сөйлеуді дамыту Қоршаған ортамен танысу Қазақ тілі Музыка	Сәрсенбі Сауат ашу Математика негіздері Көркем әдебиет Дене шынықтыру	Бейсенбі Сөйлеуді дамыту Қоршаған ортамен танысу Қазақ тілі Музыка	Жұма Сауат ашу Математика Сурет,Жапсыру, Мүсіндеу,Құрастыру Дене шынықтыру
Білім беру ұйымының кестесі бойынша	**Сауат ашу негіздері**	**Сөйлеуді дамыту**	**1. Сауат ашу негіздері**	**1.Сөйлеуді дамыту**	**1.Сауат ашу**

Scanned with CamScanner
Сканировано с CamS

ұйымдастырылған, іс-әрекет	Дауысты дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту. Не қалай дыбыстайды? Екі қолды жазуға дайын-дау. Үш сөздердегі дыбыстар ды ажыратады,белгілі дыбысы бар сөздерді табады.Қағаз бетінде бағдарлай білуді үйрету. Сауат ашу дәптермен жұмыс. Тапсырмаларын орындату. Қай дыбыстан басталады? Қорытындылау. Мадақтау. **2. Математика** Сандарды тура және кері санау. Санның белгілі бір заттың өлшемін көрсететін көрсеткіш екендігі,жиын түрлі элементтерден құрылатындығы жайлы түсінігін дамыту.Сан,санау 6 саны көлеміндегі сан мен цифр туралы ұғымдарын қалыптастыру,оларды	Күзгі жапырақтар өлеңінін мазмұны бойынша әңгімелеу. Бала бойындағы сөздік қорларын дамыту. Жапырақтардан көбелек бейнесін құрастыру. Күзгі жапырақтар ертегісін оқып беру. Жыл мезгіліне сай жапырақтарды бояу. **2. Қоршаған ортамен танысу** **Бала,оның отбасы,үйі туралы әңгімелеу. Суреттен тек бала,оның отбасы,үйі белгілеу, және оларды бояу. Тапсырма: Әр қатардан артық суретті белгілеу. Хаттын иесіне келу жолын ретімен цифрмен жазу.** **3. Қазақ тілі** Апта күндері. Сөйлемдерді дауыс ырғағымен түрлендіріп айтуға жаттықтыру.	Қолшатыр атын буынға бөлу. Сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіру. Сөз жарыс дидактикалық ойыны: мен бір тақырып айтамын, сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерін қажет. Мысалы, ыдыстар, жануарлар, түстер кім көп сөз айтып буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады. Әліппе дәптермен жұмыс. Тапсырмалар орындау. **2.Математика негіздері Геометриялық фигура туралы ұғымдары туралы қалыптастыру. Жолақ сызықтардан төртбұрыш шығару. Төртбұрышты диагонал бойымен қиып, екі үшбұрыш шығару. Дайын пішіндер арқылы қиялы бойынша құрақ құрау.** 3.**Көркем әдебиет**	Әңгімені оқып беру, мазмұнын айтуға үйрету. Болат пен Қанаттың үйіне қай көлік түрі келді. Өлең мазмұны арқылы сұрақ қою. Әжесін кім жақсы көреді. Мамандарды арнайы көлік түрлерімен сәйкестендіру. Қортындылау. **2.Қоршаған ортамен танысу** Балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік қалыптастыру және өмірмен байланыстыра отырып, көлік түрлерін атау. Қаладағы, ауылдағы көлік түрлерін атау. Арнайы көлік деп қандай көліктерді атаймыз. Қоғамдық көліктерде өзінді ұстай білу ережесін әңгімелеу. Дидактикалық ойын: «Не артық» **3. Қазақ тілі** Апта күндері. Сөйлемдерді дауыс ырғағымен түрлендіріп айтуға жаттықтыру. Апта	**Сөзді буынға бөлу. Буын сызбасымен таныстыру. Буынды қос. Мысалы, «аз+паз, кі+тап, ба+лық» Әліппе дәптермен жұмыс. Тапсырмалар орындау.** **2.Математика** Жануарлар қандай фигуралардан құрастырылғанын анықтау. Дайын бөліктерін беріп, қиып алып, қажетті бөліктерін дұрыс орналастыру, қайшымен жұмыс істеу ережесін есте сақтау. Ұқыпты және таза орындау. **3. Сурет салу мүсіндеу жапсыру,құрастыру** Қажетті құралдарды дайындау. Қазақ халқының ыдыс аяқтарынын бірі торсықты бейнелеу. Затқа қарап, суретін сал. Түстерді өз қлауы бойынша таңдау. Әдемілікті, тазалықты ескеру. Балалардың жұмыстарын салыстыру. Жұмыс соңында орындарын жинастыру. Ермексазбен жұмыс жасаған оқушылар сулықпен қолдарын сүрту.

Сканировано с CamScanner
Scanned with CamScanner

	тану және атай білуді үйрету. Әліппе дәптермен жұмыс. Үй жануарларын санап, тиісті сандарды қоршау. Ойын: сандардың көршісін тап. Қорытындылау. **3. Көркем әдебиет Сурет бойынша қысқыша әңгіме құрастыру. Бұл өлең не туралы айтылған. Дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, өлеңді жаттауға,тілдік бейнелілігін сезінуге баулу. Пікірлерін тыңдау. Жақсы жаманды ажырату. Қорытындылау.** **4.Дене шынықтыру** Гимнастикалық қабырғада әр түрлі тәсілмен өрмелеуді жаттықтыру. Дербес қимыл белсенділігі. Жалпы дамыту жаттығулары. Допты	Апта күндерін жатқа айта білу. Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр»? Бірден онға дейін сандарды ретімен қойып санау. Ойын: баспалдақпен жоғары көтеру. Бас бармақпен сұқ саусақтын көмегімен жоғары тура санау, төмен кері санау. Қорытындылау. **4.Музыка** Балаларға бірінші октаваның «ре»,екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айтуды үйрету.Музыка тыңдау: Ойын: «Үш орындық»	Балалардын театр ойынына оң көзқарастарын таныс сюжеттер бойынша ертегілерді сахналауды үйрету. Шалхан ертегісімен танысу. Жалпы мазмұнын айта кету. Ертегіні оқып беру. Сұрақ-жауап. Диалогты сөздермен балалрға әңгіменің рөлдер ақылы ойнату. **4.Дене шынықтыру** Бір тізбекте жүреді, жүгіреді. Жалпы дамыту жаттығулары орындалады. Терең дем алу. Бала үні, өнім арқылы саралау, тікелей бақылау. Негізгі қимыл қозғалыс. Командамен жұмыс. Бала үні. Қимылды ойын: Аңшылар мен қояндар. Шарты: қоян болып секіруге, аңшыдан қорғануға үйрету.	күндерін жатқа айта білу. Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр»? Бірден онға дейін сандарды ретімен қойып санау. Ойын: баспалдақпен жоғары көтеру. Бас бармақпен сұқ саусақтын көмегімен жоғары тура санау, төмен кері санау. Қорытындылау. **4.Музыка** Қазақтыі ұлттық биін билету. Әуеннің би сипатын сезіну. Би қимылдарының элементтерін орындату. Музыка тыңдау: Жау-жау жаңбыр. Музыкалық ырғақтық қимылдар. «Марш» Билер: көңілді қолшатырлар биі. Ойын: «Үш орындық»	**4.Дене шынықтыру Аяқтарды табан сыртымен, ішімен бағыт бойынша қайталау. Қолды кезек жоғары-артқа көтеру. Нақты қимыл қозғалыс жасай білу қабілеттерін қалыптастыруды жалғастыру. Жалпы дамыту жаттығулары. Бала үні, тікелей бақылау. Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары. Тепе тендік сақтап сызық бойымен жүру. Өнім арқылы саралау. Тікелей бақылау. Қимылды ойын, қасқырлар мен лақтар.**

Сканировано с CamScanner
Scanned with CamScanner

	сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруға жаттықтыруды жалғастыру. Допты алдыға, артқа жоғары лақтыра білу. Басқа арналған жаттығулар. Иыққа арналған жаттығулар. Қолға арналған жаттығулар. Аяққа арналған жаттығулар. Оң аяқпен бес рет, сол аяқпен бес рет, екі аяқпен бес рет секіру. Терең дем алу. Бала үні. Тікелей бақылау. Өнім арқылы саралау. Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы. Қос аяқтап секіру. Қойылған кедергілер арасынан өту. Қимылды ойын: Аншы мен үйрек				
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау.				
Серуен	№6 «Жаңбырды бақылау» Жаңбырды бақылай отырып, оның бұлттан	№7 «Бұлтты бақылау» Бұлттың түзілуі және олардың	№8 «Жылы жаққа қайтқан тырналарды бақылау» Күзде тырналардың жылы	№9 «Желді бақылау» Желдің түрлерімен таныстыру :салқын жел,	№10 «Жәндіктерді бақылау» Күзде жәндіктердің көбелектердің жерге терең кіріп

Сканировано с CamScanner
Scanned with CamScanner

	жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру.Мысалы:Жай жаңбыр,өткінші жаңбыр,нөсер жаңбыр.	түрлерін:шарпы, будақ қабатты бұлттарды ажырату.	жаққа кететіндігін,қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы,аяздың қаттылығы оларға қиын соғатындығын түсіндіру.	жылы жел,ұйытқып соққан жел.Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру.	ұйықтайтынын айтып, олардың қалай азықтарын таситындарын бақылату.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен балалардың көңіл күйі туралы әңгімелесу. Оқу іс-әрекетінде не үйренгендігі, өткен ертегінің мазмұнын айтқызып, әңгімелетіп отыруын айту.				

Сканировано с CamScanner
Scanned with CamScanner

Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Байғанин орта мектебі
Топ: Мектепалды даярлық тобы
Балалардың жасы : 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі : 13.11-17.11.23

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	**Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу.** Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел -үсті ойындары,бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Құрлымдалған ойын: «Жануарларға қамқор боламыз» Суретпен жұмыс.**Мақсаты:**Балалар жануарлар туралы түсіне отырып, оларға қайырым-дылықпен қарауды үйренеді.	Құрлымдалған ойын: «Құстар біздің досымыз» **Мақсаты:** Балалар құстар туралы түсініп, оларға қамқорлық жасау жайында өз ойларын айта алады.	Құрлымдалған ойын: «Гүлдерді күтеміз» **Мақсаты:** балалар гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын түсінеді.	Құрлымдалған ойын: «Жыл мезгілдері» **Мақсаты:** Жыл мезгідері туралы түсіне отырып, оларды атап айта алады.	Құрлымдалған ойын: «Бұны қай кезде киеді?» **Мақсаты:** әр жыл мезгілінің ерекшелік-терін, әр мезгілінде қандай киімдер киетінін айта алады.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың өсуі үшін дәрумендердің, таза ауада серуеннің маңыздылығы туралы әңгімелесу.				
Таңертеңгі жаттығу	**Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету** Шынықсаң шымыр боласың, Сауығып айдай толасың. Спорттысерікетебіл, Жақсыазаматболасың.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктерді реттеу.. Балаларды ұоқ-не сұрақтар қоя отырып дайындау, балалармен өзара әңгіме жүргізу.				

Сканировано с CamScanner
Scanned with CamScanner

	Дүйсенбі 1.Сауат ашу негіздері 2.Математика негіздері 3.Көркем әдебиет 4.Дене шынықтыру	Сейсенбі 1.Сөйлеуді дамыту 2.Қоршаған ортамен танысу 3. Қазақ тілі 4 Музыка	Сәрсенбі 1. Сауат ашу 2. Математика негіздері 3.Көркем әдебиет 4. Дене шынықтыру	Бейсенбі 1. Сөйлеуді дамыту 2. Қоршаған ортамен таныстыру 3. Қазақ тілі 4. Музыка	Жұма 1.Сауат ашу негіздері 2. Математика негіздері 3. . Сурет салу/ Мүсіндеу /Жапсыру/Құрастыру 4. Дене шынықтыру
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған, іс-әрекет	**1.Сауат ашу** **Міндеті сөйлем құрауды үйретуді жалғастыру. Сөйлем сызбасын сыздыру.** **«Артығын тап» ойынын ойнату.** **Қыс, көктем, жаз, күз жыл мезгілдерін атау. Қазір жылдың қай мезгілі? Қыстан кейін қай мезгіл келеді? Ретімен атау.Сауат ашу дәптермен жұмыс, тапсырмларын орындату** **2.Математика негіздері** Міндеті: - Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту заттың бірнеше тең бөлікке бөлінуі туралы ұғым қалыптастыру Практикалық жұмыс жүргізеді Педагог балаларға қызыл және жасыл шеңберлерді көрсетеді. -Фигуралар қалай	**1.Сөйлеуді дамыту** **Міндеті: -Балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға баулу.Ертегіні мазмұны бойынша әңгімелету. Бала бойындағы шешен-дік қасиетті ,сөздік қорларын дамыту.** **Дидактикалық ойындар арқылы дыбыс туралы алған білімдерін бекіту.** **Дидактикалық ойын: «Берілген дыбысқа сөзді ата».** **Ойын шарты: Ойынды педагог бастап, бір сөзді айтады, сол сөз қандай дыбыспен аяқталса, ойынды жалғастырушы бала сол дыбыстан басталатын жаңа сөз айтуы тиіс. Ойын осылай жалғасын табады.** **Педагог: Шырша Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. сөздегі дыбыстардың орнын анықтау. (басы, ортасы, соңы)**	**1.Сауат ашу** Міндеті - Сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.Сөйлем құрау, дыбыстық талдау жасау іскерліктерін қалыптастыру Дидактикалық жаттығуы: «Сөзді аяқта» –Мен сендерге сөздің ең соңғы буынын айтпай аяқталмаған сөздер айтамын сендер соңғы буынды қосып сөзді аяқтап қайтадан айтасыңдар. Мысалы: аққа...ла, ба..ла, ба..нан, бан..тық, асқа..бақ, сә..біз, домбы..ра, қам..шы, балмұз..дақ, аялда..ма, дәріха..на, емха..на, балабақ..ша, бағдар..шам, қалам...сап, қыза..нақ, бұл..ақ, көзілді..рік, тоңазт..қыш, тер..ек, ша..тыр, ал..қа, апель..син, ау..ыл, ас...пан, қарын..дас, кер...ует, қа..зан, шаныш...қы, ба..лық,	**1.Сөйлеуді дамыту** Міндеті: -Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану Мақсаты : Әңгімемен таныстырып, мазмұнын айтуға үйрету –Бүгін қай күн? –Кеше қандай күн болды? –Ертең қандай күн болады? –Бүгін ауа райы қандай? –Табиғат өзгерістерін атайық Мақал-мәтелдер: 1.Ағаш – тамырымен, адам – достарымен мықты. 2.Адамға үш нәрсе көмек: шөл далада қазылған құдық, салынған көпір және жол бойына егілген ағаш. 3.Қарағайға қарап – тал өсер, Қатарына қарап – бала өсер. Педагог: – Балалар, сендер ертегі тыңдағанды ұнатасыңдар ма? Тақтаға ертегі мазмұнына байланысты сурет ілінеді.	**1 Сауат ашу негіздері** **Міндеті: -Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту** **Мақсаты Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту** **Дидактикалық ойын: «Буынды қос»(доппен)** **– Балалар, шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс айта алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын өтейді. Мысалы:(ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады. Әліппе дәптермен жұмыс** **2.Математика негіздері** Жануарлар қандай фигуралардан құрастырылғанын анықтау. Үш топқа қоңжық, бақа, түлкі.

Сканировано с CamScanner
Scanned with CamScanner

	аталады? (дөңгелек) Қызыл дөңгелекті алып, екіге бүктейді, оны қиып бір-біріне беттестіреді, бөліктер бірбірінің үстіне қойылған кезде сәйкес келеді. -Дөңгелектер қандай бөліктерге бөлінді? (тең) -Неше бөлік шықты? (екі) -Бұл бөліктер "дөңгелектің жартысы" деп аталады. Уақыт беріп, дөңгелекті екі бөлікке қиюға көмектеседі. Педагог жасыл дөңгелекті алады. Екі рет бүктеп, тең төрт бөлікке қиып, бір-біріне беттестіріп сәйкес келетінін көрсетеді. - Дөңгелек қандай бөліктерге бөлінді? (тең) - Дөңгелектің неше бөлігі пайда болды? (төрт) –Бұл бөліктер «төрттен бір бөлік» деп аталады. Уақыт беріп, шеңбердің төрттен бір бөлігін қиюға көмектеседі. Сонымен қатар педагог қосымша қоңыр жолақты алады. –Қазір бұл жолақ бүтін болып тұр. Педагог жолақты 3 тең бөлікке бөліп бүктейді. Бөліктер бойынша қиып, бір-бірінің үстіне қояды, бұл бөліктердің сәйкес	**2.Қоршаған ортамен танысу** Міндеті: Балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік,табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. Табиғи заттармен жұмыс: түрлі өлі табиғат заттарын таратып беру. — Алдарыңдағы заттарды қара. Оларды ата. Оларды қайдан кездестіресің? Ойын. «Ажырата біл!». Ойын барысында мұғалім тірі және өлі табиғат заттарын араластырып айтады. Өлі табиғатты атағанда оқушылар қол соғу керек. Сонан кейін оның неге өлі табиғат екенін дәлелдейді. Оқушылардың логикалық ойын дамытуға арналған сұрақтар мен тапсырмалар беру: -Су қыста қандай түрде кездеседі? -Суды қолға үйіп ұстауға бола ма? -Су қайнағанда неге йналады? -Мұз ерігенде не пайда болады?	қал..қан, қаң..бақ, қа..мыр, шал..бар, кі..лем, жү..рек, жүге..рі, жұл..дыз. Әр дұрыс айтылған сөзге педагог жұлдызша беріп отырады. Ойын соңында жұлдызша саналып, жеңімпаз анықталады **2 Математика негіздері** Ұзын-қысқа, биік-аласа, кең-тар, қалың-жұқа түсініктерін қалыптастыру. Көрсетілген өлшеуіштерді бояу арқылы салыстыру. Әліппе дәптермен жұмыс. Логикалық тапсырмаларды орындау. Көмек қажет оқушыға жеке жұмыс жүргізу. **3.Көркем әдебиет** балалардың театр ойындарына оң көзқарастарын; таныс сюжеттер бойынша ертегілерді сахналауды үйрету; -Бүгінгі іс-әрекетімізде «Арыстан мен тышқан» атты латыш ертегісімен танысамыз.Ертегі өте қызықты екен. Жалпы мазмұнын айта кету. Ертегіні оқып беру. Сұрақ-жауап. -Балалар,сендерге ертегі ұнады ма?	Алдымен балаларды екі топқа бөліп, бір топқа «шыршаның», екінші топқа «қайыңның» сөзін педагогтің соңынан қайталап отыруды ұсынысады. Педагог М.Төрежановтың «Біз де ойнаймыз» әңгімесін оқып береді. **2.Қоршаған ортамен таныстыру** **Бағдаршам және жолда жүру ережелері туралы түсініктерін кеңейту. Жұмбақ жасыру. Сөйлеуді ол білмейді, бірақ тоқта, жүр дейді. Бағдаршам көздері жайлы өлең жолдарын қайталау. Бағдаршам не үшін керек? Бағдаршамның неше көзі бар? Қандай? Егерде біз жаяу жүрсек, қандай жолаушы боламыз?** **3.Қазақ тілі** Міндеті - - Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, Мақсаты шағын мәтін құруға жаттықтыру. Ойын жаттығуы: «Сен қайда тұрасың?».	Дайын бөліктерін беріп, қиып алып, қажетті бөліктерді дұрыс орналастыру. Ұқыпты және таза. Қайшы мен жұмыс істеу ережесін есте сақтау. **3.Сурет салу/ Мүсіндеу /Жапсыру/Құрастыру** Қажетті құралдарды дайындау. Балаларды қазақ халқының түрлі ыдыс аяқтарын оның ішінде тостағанды бейнелеу, затқа қарап суретін салу. Түстерді өз қалауы бойынша таңдау. Әдемілікті, тазалықты ескеру. Балалардың жұмыстарын салыстыру. Жұмыс соңында орындарын жинастыру. Ермексазбен жұмыс жасаған оқушылар, сулықпен қолдарын сүрту. **4.Дене шынықтыру** Міндеті: - - Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру. Нақты қимыл-қозғалыс жасай білу қабілеттерін қалыптастыруды жалғастыру, анализатор орталықтарын белсендіруге мүмкіндік жасау

Сканировано с CamScanner
Scanned with CamScanner

	келетінін көрсетеді. -Жолақты қандай бөліктерге бөлдім? (тең) -Қанша бөлік шықты? (үш) –Бұл бөліктердің әрқайсысын "үштен бір бөлік" деп атайды. Балалар «үштен бір бөлік» деп қайталайды. Балалар хормен бөліктердің атауын қайталайды (жартысы, төрттен бір бөлік, үштен бір бөлік) Уақыт беріп, жолақтың үштен бір бөлігін қиюға көмектеседі. **3.Көркем әдебиет** **Міндеті: - Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Әдеби шығарманы мәнерлеу құралдарына байланысты қабылдауға дағдыландыру** **Өлең мазмұны бойынша сұрақтар:** **–Өлең қалай аталады?** **–Өлеңде не туралы айтылған?** **–Саған ұнады ма?** **–Жақсы деп қандай баланы айтамыз?** **Жаман әдет деп қандай әдетті айтамыз?** **–Сен қандай бала болғың келеді?** **Өлеңнің бірінші жолы қалай басталады?** **Педагог «Жақсы мен**	Осының негізінде өлі табиғатқа енетін су туралы не айтуға болады. Балалар өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, мектепке баруы, азамат болып ер жетуі мен еңбек етуі. Болашақта табысты болу үшін білімнің қажеттілігін түсінеді. **3.Қазақ тілі** Міндеті: - Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, Мақсаты сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру Сурет бойынша жұмыс. – Мынау – пәтер. Мынау не? – Мынау – пәтер (жеке-жеке жауап береді). – Пәтерде (үйде) бөлмелер бар. Мынау – бөлме. – Сенің пәтеріңде (үйіңде) неше бөлме бар? Бөлмелерді санайды. Суреттер арқылы әр бөлме (балалар бөлмесі, дәліз, асүй) қалай аталатынын айтады. Ондағы таныс заттарды естеріне түсірту. – Мынау – дәліз. Дә-ліз. Дәліз үлкен. Дәлізде шкаф тұр. Шкафта нелер болады? (Киім).	-Арыстан кайда жүреді? -Арыстан мен тышқанның айырмашылығы неде? -Арыстан мен тышқан туралы қандай тақпақ білесіңдер? Балаларға әртүрлі қимылдар жасату: Тікірейіп құлағы Менен бұрын тұрады. Бойын жазып керіліп, Беті-қолын жуады. Диалогты сөздермен балаларға әңгімені рөлдер арқылы ойнату. **4. Дене шынықтыру** Міндеті: - Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу Мақсаты Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге, өрмелеуге және түсуге үйрету . І«Көңілді шарлардың» тапсырмасын балаларға айтады. Бір тізбекте жүреді, жүгіреді. Көңілді шар көрсеткен тапсырманы орындайды: жүгіріп келе жатып тоқтайды, бағыттарын өзгертіп	Мнемо кесте арқылы әр бала қайда тұратынын айтады. – Қай көшеде, қандай үйде тұрасың? Педагог балалармен бірге мнемо кестедегі символдар нені білдіретінін талқылайды. – Мен ... (көшенің аты) көшесінде, 2 қабатты (көпқабатты) үйде тұрамын. – Сенің пәтеріңде (үйіңде) неше бөлме? – Сенің пәтеріңде (үйіңде) қандай бөлме бар? Суретпен жұмыс. – Мынау – балалар бөлмесі. Мынау қандай бөлме? – Мынау – балалар бөлмесі. Жеті санына сәйкес жеті атаны атату. **4.Музыка** Міндеті: - Балаларға «Қаражорға» биін билету Мақсаты Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Музыка тыңдау: «Вальс» (С. Майкапар) Ән айту: «Қыс қызығы» (И. Нүсіпбаев) «Ақша қар» (К. Куатбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Аюлар биі» (Е.	«Тауға өрмелеп шығу». Гимнастикалық қабырғада әртүрлі тәсілмен өрмелеуге жаттықтыру. Қауіпсіздік техникасын сақтайды. Гимнастикалық қабырғаға жақындап келеді, әртүрлі тәсілмен өрмелейді. Қол мен аяқты үйлесімді түрде қозғауға тырысады. Ең жоғарғы тепкішекке дейін шығып, ең төменгі тепкішекке дейін түседі. Жалпы даму жаттығулары. Бала үні, тікелей бақылау. Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары. Тепе-теңдік – жерде созылып жатқан арқан үстімен басқа зат қойып, тепе-теңдік сақтап жүруге жаттықтыру. Өнім арқылы саралау. Тікелей бақылау. Қимылды ойын: « Қасқырлар мен лақтар»

Сканировано с CamScanner
Scanned with CamScanner

	жаман» өлеңін эмоциямен 2-3 рет қайталап оқиды, бірге жаттайды. **Педагог сөйлемнің басын оқып, балалар жалғастыратын жаттату тәсілін пайдаланады. 3-4 бала өлеңді жатқа айтады.** **4. Дене шынықтыру** Допты тура лақтыру Дербес қимыл белсенділігі Жалпы даму жаттығулары: -бір тізбекпен қолды жоғары көтеріп жүру; -қолды белге қойып жүру. -баяу жүгіру. Бір тізбекпен кіріп,бір қатар сапқа тұрады. 1. Басқа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге тұрады, басты оңға, солға бұру 2. Иыққа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге тұрады, иықты кезек- кезек көтеру 3. Қолға арналған жаттығулар: 1. 2 қолды жоғары көтеру 2. 2 қолды алдына апару 3. 2 қолды жанына апару 4. Белге арналған жаттығулар: 2 қол белде,аяқтар алшақ тұрады, оңға, солға бұрылу	– Мынау – балалар бөлмесі. Балалар бөлмесінде нелер бар? (Ойыншықтар, кітаптар). – Мынау қандай бөлме? – Мынау – асүй. Мынау – ... – Асүйде нелер бар? (Орындықтар, үстел, ыдыс ...)Тынымсыз Тіл туралы ертегі жаттығулары: Сыйқырлы айнаға қарап отырып, араның масаның , шегірткенің, жыланның дыбыстарын салып көр. Осы дыбыстарды Тынымсыз Тіл ұнатады ма соны байқа. Ағайынды аралар. Ағайында арарармыз, Еңбек үшін жаралғанбыз. -з-з-з-з-з Шырын іздеп күні бойы Гүл бақшаны аралаймыз -з-з-з-з-з (Үш саусағыңды түйістіріп, ұшып жүрген араларға ұқсат, әрбір екі жолдан кейін аралардың ызылдағанын сал.) Жаман ара Қалмай ұшып соңынан, Ара куды Мұратты. -з-з-з-з Шағып алып қолынан, Досымызды жылатты. -у-у-у-у (Араның дауысы мен баланың ара шаққандағы дауысын салу.	жүгіреді. II. ЖДЖ-ны текшемен орындайды (№2): Негізгі қимыл-қозғалыстарды топ болып орындайды № 2 сурет. Шұңқырға секіру: 30 см биік заттың үстінен белгіленген жерге дәл секіріп түсулерін бекіту (6 рет). Тепе-теңдіктерін сақтап, дене бітімдерін түзу ұстауларын қадағалау. Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. 30 см биік заттың үстінен белгіленген жерге дәл секіреді. Шеңбер ішіне аяқтың ұшымен түседі. Қолдарын еденге тигізбеуге тырысады	Тиличеева) Билер: «Испан биі» («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Төмен және жоғары дыбыстар» ойыны Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко)	

Сканировано с CamScanner
Scanned with CamScanner

	5. Аяққа арналған жаттығулар: оң аяқпен 5 рет, сол аяқпен 5 рет, екі аяқпен 5 рет секіру 6. Терең дем алу 4 к моделі, бала үні Өнім арқылы саралау Тікелей бақылау. Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы . 1-Қос аяқтап секіру. 2.Қойылған заттардың арасынан «жыланша» ирелеңдеп еңбектеу. Командамен жұмыс, сын ойлау, бала үні Қимылды ойын: « Аңшылар мен қояндар» Шарты: Балаларды қоян болып секіруге, аңшыдан қорғануға үйрету. Өз еркімен ойын	**4.Музыка** **Міндеті: --Қазақ халқының би өнерімен таныстыру** **Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау.** **Музыка тыңдау: «Вальс» (С. Майкапар) Ән айту: «Қыс қызығы» (И. Нүсіпбаев)** **«Ақша қар» (К. Қуатбаев)** **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** **«Аюлар биі» (Е. Тиличеева)** **Билер: «Испан биі» («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Төмен және жоғары дыбыстар» ойыны** **Музыкалық аспапта ойнау:** **«Полька» (А. Филиппенко)**				
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімнің бауын байлауды, киіндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау.				
Серуен	**Бақылау: Аязды бақылау.** **Мақсаты: Қыс мезгіліндегі күннің суықтығы-аяз.** **Аяздан бетіміз бен**	Бақылау: Мұзды бақылау. Мақсаты: Мұзды көрсете	Бақылау:Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне	Бақылау: Қарды бақылау. Мақсаты: Қыс мезгілінің ерекшелік	Бақылау: Күнді бақылау. Мақсаты: Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы,

Сканировано с CamScanner
Scanned with CamScanner

	қолымыздың тонатынын, үсіріп жіберуі де мүмкін екенін, сол үшін де колғап, мойынорауыш тағатынымызды түсіндіру. Еңбек: Ауладағы қарды күрсу.Максаты: Балаларды еңбек сүйгіштікке, бірлесіп жұмыс жасауға үлкенге көмек беруді үйрету. Күректі дұрыс ұстауға үйрету. Қим.ойын: «Сырғанақ тебу». Максаты: Балаларды ұйымшыл тату ойнауға, шанамен ойнауға шақыру, таудан төмен сырғанау әдісін үйрету. Жеке жұмыс: Жұмбақ. Терезеге конады, Әсем ою оқды.(Аяз). Максаты: Жұмбақ жаттату арқылы есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту.	отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру. Еңбек: Тайғанақ жерге құм себу. Максаты: Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. Өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауларын қадағалау.	тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. Еңбек: «Таза алаң». Максаты: Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуов «Күшік». Максаты: Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету. Е.Өтетілеуов. «Күшік». Үреді үйшікте Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары ала Біреуі кардай ақ, Біреуі сұр жолақ Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ: Үреді абалап Ойын: «Қасқыр мен қаздар». Максаты: Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. Қимылдық ойын: «Тымпи-тымпи».	терін айту.Қар-түсі ақ, ұстасаң қолың тонады, жылыға ериді.Ойлау қабілетін дамыту. Тақпақ: Аппақ көше, бар дала, Аппақ ой мен қыраттар. Ақ шатырлы қар қала, Ақ жамылып тұр бақтар. Еңбек: Ағаштар түбіне кар үю. Максаты: Еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, үйілген қардың маңызы туралы түсінік беру. Жеке жұмыс: «Қыс қызығы»тақырыбында әңгіме құрату. (Абдубақыт, Айару, Данагүл, Дильназ) Максаты: Сөздік қорын дамыту, ойын жүйелеп жеткізе білуге үйрету. Ойын: «Қардан түрлі бейнелер жасау». Максаты: Ойынға қызығушылығын арттыру.	қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру. Еңбек: «Қыс қызығы». Максаты: Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, кардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен карауға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн) Максаты: Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықта-рын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру. Қимылды ойын:«Айгөлек». Максаты: Денені шынықтыру, шапшан-дыққа , ептілікке баулу.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам катарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен балалардың көңіл күйі туралы әңгімелесу. Оқу іс-әрекетінде не үйренгендігі, өткен ертегінің мазмұнын айтқызып, әңгімелетіп отыруын айту.				

Сканировано с CamScanner
Scanned with CamScanner